Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН

ҚАЗАҚТА МІНСІЗ АУДАРМА ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ – БІРЕУ

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы да мерекесіне жетті. Абай жылында дана ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау бағытында түрлі шаралар атқарылды. Осы тақырыпта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.

– Абай жылында Абайды тану, Абайдың шығармашылығын насихаттау бойынша қол жеткен қандай елеулі нәтижелерді айтар едіңіз?

– Қол жеткен елеулі нәтижелер аз емес. Солардың кейбірін атап өтейін.

• Білім және ғылым министрлігінің 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру құжаттамасында мамандандырылған ғылыми бағыттардың басты бір тармағы «Абайтану. Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы» болып бекітілді.

• Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан мектептерде өндірілген білімдердің дербес ғылыми базасын жасады, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымының 50 томы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді, дербес ғылыми базаның қоры Абай институтының электрондық кітапханасы арқылы көпшілікке ұсынылды.

• Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Абай залы» ашылды.

• «Халықаралық Абай клубы» Абайдың шығармаларының толық жинағын қазақ, ағылшын, орыс, неміс және француз тілдерінде он том етіп баспадан шығарды. Абайдың шығармаларын әлем халықтары тілдеріне аударғандар – жазушы, баспагер Роллан Сейсенбаевтың әдебиеттегі және өмірдегі достары, айтулы аудармашылар.

• Ресейде Абайдың таңдамалылары екі үлгіде жарияланды. Бірі – Тайыр Мансұровтың құрастыруымен және алғысөзімен, екіншісі – Сәуле Мансұрованың құрастыруымен және алғысөзімен Мәскеудің «Раритет» баспасынан жарық көрді.

• «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры Рауан Кенжеханұлының басшылығымен Абайдың шығармаларының толық жинағын әлемнің он тіліне аударып, он том көлемінде әлемнің белгілі баспаларынан бастырып шығарды.

• Қазақстанның жоғары оқу орындарында «Абайтану» пәнін барлық мамандықтар бойынша оқытуға бетбұрыс басталды.

– Орта және жоғары оқу орындарында «Абайтану» пәнінің мазмұнына, дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етілу деңгейіне көңіліңіз тола ма?

– Оқу пәнінің мазмұнына, білім алушының оқу нәтижесінде алған біліміне қойылатын мемлекеттік талаптар бар. Ол талаптар тиісті жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарда бекітілген. Біздің мұндай мемлекеттік стандартымызда бекітілген талаптар Блум таксономиясына (1958) негізделген. Оқу пәнінің үлгілік бағдарламасы мемлекеттік стандартта бекітілген осы талаптарды іс жүзіне асыруды көздейді. Оқулықтар осы сипаттағы үлгілік бағдарлама талаптарына сай дайындалды. Бұған көңілім толады деп айта алмаймын. Осы орайда өзіңізге мынадай бір риторикалық сұрақ қояйын: Мұхиттың арғы жағындағы Блумның таксономиясын (1958 жылғы) таңсық көріп, оны біздің бүгінгі мемлекеттік стандартымызға негіз етіп алудың қандай жөні бар?

– Абайтану, абайтанушы ұғымдары айналасында айтылып жүрген ойларға қалай қарайсыз?

– Абайтану – қалыптасқан ұғым. Абайтану – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде анықталған, айқындалған, қалыптасқан сала. Абайтанудың зерттеу пәні, зерттеу нысаны анық. Оны құқықтық кеңістікте даралау үшін, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласына жататын және пәнаралық мазмұнымен ерекшеленетін ғылыми мамандық ашуымыз керек, оның паспортын, бағдарламасын жасап, бекіту қажет, ол «Абайтану» деп аталуы шарт.

Абайтанушыға келсек, бұл ұғымның айналасында айтылып жүрген ойлар бар. Әдебиеттану ғылымының есігін ашқан сәттен бастап Абайды, Абайдың шығармашылығын зерттеумен шұғылданып, сол салада үлкен жетістіктерге жеткен, еңбегін ел таныған ғалымды «абайтанушы» деп атаудың артықшылығы жоқ. Егер «Абайтану» деп аталатын ғылыми мамандығымыз болса, ол мамандық бойынша білім бағдарламасын толық игерген және тиісті диплом алған маманды да «абайтанушы» деп атау лайықты болуы мүмкін. Ал егер де «Абайтанушы» деген құрметті атақ немесе академиялық атақ болса, ол атақты тиісті бір күзіретті мекеме немесе ұйым бермек.

Абайтану саласында еңбек етіп, зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген ғалымдарға мынадай қасиеттер артықтық етпейді: әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны саласынан терең көсіби білім; әдебиетті, сөз өнері туындысын қабылдаудағы кемел эстетикалық талғам; пәнаралық кәсіби біліктілік т.б.

Менде мынадай ой бар: әдебиеттану ғылымында, жалпы әдебиетте қазір алдыңғы буынға айналып келе жатқан қабілеті барын көрсеткен жасты докторант қылып алуға ғылыми жетекшінің күзіреті жүрмейді.

– Абайдың шығармаларын әлем халықтарының тілдеріне аударып, кітап қылып шығарып жатырмыз. Сол аудармалардан Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінеді?

– Оған толымды жауап беру оңай емес. Өйткені мінсіз аударма жасау өте қиын. Қазақта мінсіз аударма жасаған қазақ біреу. Ол – Абай. Ал Абайдың шығармаларының аудармаларында осы күнге дейін кемшілік болып келді. Ендігі аудармаларда кемшілік жоқ деуге болмайды. Жаңа аудармаларда Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінгенін арнайы зерттеулер анықтайды. Ол – алдағы күндердің міндеті.



– Абайдың жеке басына, шығармашылық мұрасына нигилистік көзқарастағы жандар әлеуметтік желі арқылы өздерінің теріс пікірін басқаларға да таңғысы келеді. Оған байланысты не айтар едіңіз?

– Ондай теріс пікірді өзінің ұлттық рухани құндылықтарынан тыс қалған немесе жаттанған, «ар ойламай, пайда ойлаған» жандар айтуы мүмкін. Бұл жерде бүкіл бір елдің, тұтас бір мемлекеттің рухани құндылығын жоққа шығару ниеті бар. Оған қарсы қандай да бір нақты іс-шара қолдануға нақ осы шақта елдің де, мемлекеттің де мүмкіншілігі жоқтығы байқалады. Себебі елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді жаттың жаласынан, қорлауынан қорғаудың құқықтық негізін біз жасамадық. Егер де біз елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді қорғаудың құқықтық негізін жасап, оны тиісті тәртіпте қолданысқа енгізген болсақ, онда әлгіндей жалаға, қорлауға қарсы тиісті құқықтық іс-шара қолданар едік. Сонда ұлттық рухани мәдени құндылықтарымызға қарсы әлгіндей жалады, қорлау сөз айтушыларға заң жүзінде тыйым салар едік. Ондай құқықтық негіз болмаған жағдайда халықтың: «Ит үреді, керуен көшеді», деген тамаша даналық сөзін сүйеніш етпеске ләж жоқ.

– Абай ғылыми-зерттеу институты «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» деген атпен көптомдық сериялық басылымды шығара бастады. Бүгінде осы сериялық басылымның 49 томы жарық көрді. Басылым әрі қарай жалғасады. Кейінгі замандарда осы еңбектерді оқытын, керек қылатын, Абайды зерттейтін жастар болар ма екен?

– Болатын шығар деп үміт етеміз. Абай институтының жасап жатқан жұмыстары ғылыми-көпшілік сипатта. Сіз айтып отырған көптомдық та сондай. Бірақ оны көпшілік қолынан түсірмей оқитын болады деу ретсіз. Егер «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» әр он-он бес жылда өсер өркенінің бірінің оқып, білу, зерттеу нысанына айналса, ол да Абайдың шығармашылық мұрасын біздей, бізден аса құрметтеп, біздей, бізден аса зерттеп-зерделеу деңгейіне көтерілсе, онда біздің еңбегімізді далаға кетпегені.

– Әңгімеңізге рақмет. Жұмысыңызға табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Ләйла МҰСАЛЫ,
ҚазҰУ